



18+

газета издается с 26.06.2004 года

# ПРИОЗЁРСКИЙ

№ 22/614  
31 мая 2019 года

# Вестник

Мектеппен қоштасу

## СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ САЛТАНАТЫ (Репортаж)

Күн райының түнере бұлттанып, көк аспанның қабағынан қар жауып тұрғаны демалысқа шығу кезеңіне жеткізген мамыр айының 25-жұлдызының таңы балалардың да, бітіруші түлектердің де көңілідерне кірбін түсіре алмады. Сағат тілі сегізден өте бере-ақ ақ көйлек, кара шалбар, қоңыр кофталарын киген оқушылар қолдарына гүл шоқтарын және түрлі-түсті шарларын ұстаған күйі өздерінің үш айға қоштасатын «Алтын ұя» мектептеріне қарай асығып бара жатты. Ал, он бір жыл білім мен тағылым-тәрбие берген ұстаздарымен және мектебімен қоштасқалы отырған, «Соңғы қоңырау» салтанатына жиналған бітіруші түлектердің бойын әрі қуаныш, әрі кимас сезімге толы мұң жайлап алған. Мектеп табалдырығын имене аттағандары кеше ғана секілді болғанымен, зымы-



Камзин, қалалық мәслихаттың хатшысы Бекзат Мұқсинулы Сәрсембеков, әкімнің орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиева, қалалық оқу бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасимова, ата-анар мен баспасөз қызметінің өкілі қатысты. Еліміздің әнұраны ойналғаннан кейін осынау сәттің себепкерлері – түлектер ортаға шақырылды. Мектепті бітіретін екі сынып түлектерінің алғашқы ұстаздары Ольга Александровна Кузнецова, Шахсия Аңсарқызы Таирова, Узулай Байтайқызы Бажарханова және бітіруші сынып жетекшілері Мұқан Сәбитұлы Мадешов пен Еңлік Жалғасқызы Жабағиевалардың жетегінде алаңды айналып өткен түлектерді оқушылар, ата-аналар мен жиын қонақтары қол шапалақтап, құрмет көрсетіп қарсы алды. Биыл мектеп қабырғасынан «А» сыныбынан 7, «Б» сыныбынан 11 түлек аттанғалы отыр.

Арман қанатында түлеп ұшқалы отырған мектеп бітірушілерді қала әкімі Қ.А.Камзин құттықтаған соң, биші Перизат Нұршаеваның жетекшілігіндегі бишілер тобының мектептегі үш ұрпақ сабақтастығына арналған би қойылымы жиналғандарға ұсынылды. Мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары 2018-2019-оқу жылдарының аяқталуына байланысты



раған уақыт әп сәтте өтіп кеткендігін өздері де байқамай қалғандай. Олардың қауаныш пен мұң аралас көңіл-күйлерін осындай сәт басымыздан өкен біз де түсінеміз, әрине. Қуанатыны – жаңа да ересек өмірдің баспалдағына қадам қойып, студенттік кезеңге аттанады, алда жұмбағы мен тылсымы көп үлкен өмір күтулі. Мұңаытыны – жазғы демалысқа шыққанда қуанып шығып, жаңа оқу жылында алтын ұяларына сағынып оралатын мектебін, білім нәрімен сусындатқан ұстаздарын, құрбы-құрдастарымен бірге ойнап жүретін балғын балалық шақтарын қимайды. Адам баласының өмірінде бір-ақ рет болатын «Соңғы қоңырау» салтанаты осынысымен қымбат әрі құнды болып, мәңгі естерінде қалмақ...

Қаладағы № 2 орта мектептің «Соңғы қоңырау» салтанатты жиыны межелеген сағат тоғызда басталды. Мектептің салтанатты жиындарға арналған алаңы мерекелік күнге лайықталып, шарлармен әсем безендірілген. Бітіруші түлектердің бүгінгі көңіл-күйлеріне орай әуен ойналып тұрды. Соңғы қоңырау салтанатына құрметті қонақтар ретінде қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы



бұйрықтарын оқып, осы оқу жылында озат оқуымен, алған терең білімімен, үлгілі тәрбиесімен марапатқа ие болған мектеп оқушыларының тізімін оқып, оларды ортаға шақырды. Мектеппен қимай қоштасқалы отырған түлектер өздерінің сезімдерін өлең шумақтарымен жеткізді. Бірінші сынып оқушылары бітіруші аға-апаларына арнаған тақпақтарын оқыды. Ортаға шыққан түлектер мектеппен қошасу сәтіне бағышталған «Мектеп вальсін» және оқушылық өмірдегі соңғы билерін билеп, талай көңілді толқытты. Сондай-ақ ең бір көңіл толғандырап

31 мая - День Памяти жертв политических репрессий

## ДЕНЬ ПАМЯТИ НЕВИННО ПОГИБШИХ

Согласно Указу Президента РК от 5 апреля 1997 года № 3443, ежегодно 31 мая в Казахстане отмечают День памяти жертв политических репрессий. Это день памяти невинно погибших в эпоху сталинского режима (голод и массовые репрессии, гонения и насильственная депортация безвинных людей).

Согласно оценкам, в 1 млн 200 тыс. человек. Столь же массовыми были и политические репрессии, захватившие, в том числе, и Казахстан, и достигшие своего пика в 1937 году. Репрессированы были видные деятели науки и культуры: Ахмет Байтурсынов, Алихан Бокееханов, Мыржақып Дулатов, Мухамеджан Тынышпаев, Магжан Жума-



В XX веке на территории Казахстана находились самые крупные лагеря структуры ГУЛАГ - АЛЖИР, Степлаг, Карлаг. Республика, практически, превратилась в одну большую тюрьму. За годы репрессий в лагерь Казахстана было сослано более 5 млн человек. По некоторым данным, общее число заключенных значительно превышает эту цифру. В период с 1921 по 1954 годы в Казахстане было осуждено 100 тыс. человек, к 25 тыс. из них была применена высшая мера наказания - расстрел. На 1930-1940-е годы пришлось и массовые депортации целых народов в Казахстан. Осенью 1937 года сотни тысяч корейцев, турок, иранцев, курдов и азербайджанцев были переселены в республику. Также в годы Великой Отечественной войны в страну депортировали немцев, греков, чеченцев, ингушей, карачаевцев, балкарцев, крымских татар и другие народы. Их числен-

баев, Сакен Сейфуллин, Ильяс Жансугуров, Беимбет Майлин, Санжар Асфендияров и многие-многие другие. Позднее стали выявляться места массового погребения расстрелянных людей. Одно из них было случайно обнаружено под Алматы в местности Жаналык, где в 1937-1938 гг. были тайно погребены тысячи невинных жертв тоталитаризма, в числе которых - известные писатели и поэты М.Жумабаев, С.Сейфуллин, И.Жансугуров, Б.Майлин, выдающиеся ученые А.Байтурсынов, С.Асфендияров, крупные государственные и общественные деятели, руководители хозяйств, передовики производства. Состав репрессированных был многонациональным: казахи, поляки, русские, немцы, корейцы, уйгуры, узбеки и др.

Источник: inform.kz

кезең – «Арман шарларын» ұшыру сәтін де бүгін бірінші және соңғы рет бастан кешті. Алтын ұя мектептерімен, ұстаздар қауымы және оқушылық кезбен қоштасар кездің басты нышаны – «Соңғы қоңырауды» соғу құрметіне 11 «А» сынып түлегі Әсел Әлібай, 11 «Б» сынып түлегі Азат Әбдіқалықов

және бірінші «Б» сынып оқушысы Аяна Мәделілер ие болды. Бұдан кейін бітіруші түлектер мектеппен қоштасуға арналған соңғы сабақтарын өткізуге өздерінің сүйікті болып естерінде қала беретін сынып бөлмелеріне шығарып салынды. Ал, алаңда жиналған көпшілік пен ұстаздары оларға алдағы мемлекеттік емтихандар мен ұлттық бірыңғай тестілеуден сүрінбей өтіп, болашақта әрқайсысының студенттер аталуына, ұлы өмірде айтулы азаматтар болып жетілуіне, жақсы мамандар болып шығуына арналған ақ тілектерін білдіріп қалды.

Осындай «Соңғы қоңырау» салтанатты жиыны № 1 қазақ орта мектебінде де лайықты түрде аталып өтті.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.  
Суретте: «Соңғы қоңырау» жиынынан көріністер. Суреттерді түсірген автор.



## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Ұлттық байқаудың қорытындысы

Елбасының бастамасымен 2013-жылдан бері жыл сайын тұрақты өткізіліп келе жатқан «Мерейлі отбасы» Ұлттық байқауының Приозерск қалалық додасы өткен аптаның жұма күні өз мәресіне жетті. Байқау шартына орай алдын-ала байқауға қатысушы отбасылар анықталып, байқау ережесіне сай оларды құрамы 7 кісіден тұратын комиссия (төрағасы Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Ботагөз Әнуарқызы Қазиева) жан-жақты саралап, сараптап барып, аталымдар бойынша жеңімпаздарды және бірінші орын, яғни «Мерейлі отбасы» аталымына лайықты

қоғамдық өмірде көптеген жетістіктерге жетіп, отбасының ұйтқысы болған және бала тәрбиесінде ата-аналық парыздарын адал атқарып жүрген отбасыға комиссияның шешімімен «Бақытты отбасы» аталымының дипломы мен арнайы сыйлықтарын қалалық мәслихаттың депутаты Ұлан Алмас табыстады. Жеңімпаз отбасының құрметіне «Сезім» би тобы үнді биін арнады.

Ұзақ жылдар ұстаздық және басшылық қызметтерде болып, толағай табыстарға жеткен, биылғы көктемде сексен жастың сенгіріне шығып, мерейтойын атап өткен

төрағасы Жарас Қармысқызы табыс етті. Өнегелі отбасының құрметіне «Сезім» би тобы «Фиеста» биін орындап берді.

Бүгінде мемлекеттік қызметтегі ұлдарынан немерелер сүйіп отырған бақытты да, мерейлі отбасылардың бірі осы шаңырақ.



иегерді анықтаған болатын. Байқау қортындысының нәтижесін жариялайтын мәдени-көпшілік кешке қала тұрғындары, мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар қызметкерлері қатынасты.

Аталған «Мерейлі отбасы» байқауының ашылуын жүргізуші хабарланғаннан кейін, сахна шымылдығы Қарағанды облыстық филармониясынан ісшараға арнайы шақырылған ұжымның «Сезім» би тобының биімен ашылды. Ұлттық байқаудың бұрын-



ғыдан бір ерекшелігі – осы байқау аясында жаңа өмірдің есігін ашып, жас шаңырақтың табалдырығын аттағалы отырған екі жасқа неке куәлігін тапсыру рәсімінің өтуі болды. Сахнаға шақырылған Приозерск қаласы азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің басшысы Базаркүл Қалдыбайқызы Малаева жас жұбайларға салтанатты түрде неке куәлігін табыстады. Жас шаңырақ иелеріне 2016-жылы өткен «Мерейлі отбасы» байқауында жеңімпазы атанған Кеңесовтер отбасының отағасы Жолмұрат Кеңесұлы қазақи дәстүрмен ақ бата берді және гүл шоқтарын табыс етті. Рәсімнен кейін аталмыш байқауға арнайы келген қарағандылық әнші Меруерт Шегетаева терме, толғау, халық әндерінен құралған керемет әнімен байқау қатысушыларын және көрермендерді бір желпінтіп тастады.

Кезек «Мерейлі отбасы» байқауының аталымдар бойынша жеңімпаздарына келгенде сахнаға алғашқы болып Жаманбаевтар отбасы көтерілді. Осы отбасының және бұдан кейінгі жұрт алдына шыққан жеңімпаз отбасылардың өмір тарихы мен жетістіктері, отбасылық өмірдегі табыстары бейнеролик арқылы экраннан көпшілікке таныстырылып отырды. Еңбекте, қызметте,

көп балалы отбасының шаңырағын айрандай ұйытып, әрқайсысын бөлек-бөлек отбасы еткен, қазір Оразбек атты баласының қолында төрт немеренің қызығын көріп, қариялық бақытты ғұмыр кешіп отырған Әділхан және Рәзия Наушаруановтардың отбасына «Ұлгілі отбасы» аталымының дипломы мен бағалы сыйлығын Приозерск қаласының халықты жұмыспен қамту орталығының директоры, қалалық Аналар кеңесінің төрағасы, комиссия мүшесі Рахима Есенаманқызы Ахметова тапсырды. Жапырағын жайған бәйтеректей жайқалып өскен отбасының құрметіне қарағандылық әнші Нұрболат Ұзақбай Манарбек Ержановтың «Сайра, бұлбыл!» әнімен шашу шашты.

Қызметте мемлекеттік қызметтің тұтқасын ұстаған және өз салаларында да, қоғамдық жұмыстарда да көпшіліктің құрметіне бөленген, спортты сүйіп, салауатты өмір салтын қалыптастыруға сүбелі үлестерін қосып жүрген Манақовтар отбасы сараптау комиссиясының шешіміне орай «Мерейлі отбасы» байқауының «Ынтымақты отбасы» аталымына ие болды. Жүлделі отбасыға диплом мен арнайы сыйлықты бағалау комиссиясының мүшесі, Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Гүлжахан Қайроллақызы Шарбекова ұсынды. Шапағаты мен махаббаты, ынтымағы таусылмасын деген тілекпен бұл отбасыға облыстық «Жас қанат-2013» байқауының лауреаты Меруерт Шегетаева әсем ән арнады.

Отбасы – адамзат баласының бесігін тербеткен ошақ болса, баланың бас ұстазы – ата-анасы. Олар балаға отбасылық өмірдің қыры мен сырын, ұлттық құндылықтарын, тылсым дүниенің жұмбақтарын танытып, жағымды қасиеттерге баулиды һәм тиянақты тәрбие беруге бар күш-қуатын жұмсайды. Осы қасиеттердің бәрі отбасыларынан табылатын Өмірзақ әулеті. Қалаға кеңінен танымал, үлкен шаңырақтың отағасы Өмірзақ Қарақұлов қаладағы коммуналдық шаруашылық мекемеде ұзақ жылдар бойы жүргізушілік етіп келе жатқан азамат болса, көп балалы ана, тәжірибелі ұстаз, бастауыш сынып оқытушысы Қуангүлдің алдынан жүздеген бала тәлім мен тәрбие алды. Үш ұл мен екі қызынан оншақты немере сүйген ата-әжелер ұрпақтарын елжанды, өнегелі отбасылар етіп өсіріп үлгерген. «Өнегелі отбасы» аталымына лайық деп танылған отбасыға диплом мен арнайы сыйлықты комиссия мүшесі, Приозерск қалалық ардагерлер кеңесінің



Жеңімпаздардың соңында сахнаға көтерілген Сүлейменовтер отбасын қалада танымайтын жан жоқ шығар, сірә?! Шаңырақтарына татулық, құт-береке мен өнер ұялаған отбасының бизнесі Марс Әбуұлы өнерімен қала жұртшылығының

Бұл отбасы қала халқына ғана емес, республика көлеміне танымал болып үлгерді. «Сүлейменовтер отбасылық ансамблі» туралы облыстық «Сарыққа» телеарнасы және республикалық «Қазақстан-1» ұлттық арнасы арнайы сұқбат алып, «Өнерлі отбасы», «Мерейлі жанұя» тақырыбында телеэфир арқылы елімізге жария етті. Отбасының өнер, білім және спорт салаларында айтарлықтай жетістіктері ауыз толтырып айтарлық. Осылайша, байқауды бағалайтын комиссияның бірауздан шешіміне орай Сүлейменовтер отбасы – «Мерейлі отбасы» Ұлттық конкурсы қалалық кезеңінің жеңімпазы деп танылып, «Мерейлі отбасы» аталымын жеңіп алды және осы аталымның облыстық кезеңіне жолдама алды. Байқаудың басты жүлдесі – диплом мен арнайы сыйлықты тапсыру құрметі қалалық мәслихат депутаты, танымал кәсіпкер Муса Жәлиұлы Әбдімүтәліповтың еншісіне бұйырды. Жеңімпаз отбасы Сүлейменовтер шаңырағының мүшелері қосылып орындаған Шәмші Қалдаяқовтың атақты «Арыс жағасында» әніне кешке қатысқан көрермен қосыла шырқады.



жүрегін жаулаған, өлең жазып, ән шығарудан да хабардар азамат. Қаладағы қоғамдық жұмыстардың белортасынан табылатын, қалада өтіп тұратын ісшараларға белсене қатысатын, «Атамұра» этно-мәдени орталығының белді мүшесі, «Айналайын» балабақшасында музыка жетекшісі болып қызмет атқаратын оның еңбегі мен қызметі құзырлы орындар тарапынан лайықты бағаланып келеді. Зайыбы Феруза

«Мерейлі отбасы» байқауының аяқталу сәтінде байқауға қатысқан отбасылар түгел сахнаға шақырылып, қошемет көрсетілді. Сахна шымылдығы Меруерт Шегетаеваның «Махаббат туралы» және Гүлден Ахметованың «Мерейлі отбасы» әндерімен жабылды. Талай көңілді толқытқан көңілді кештен көрермендер де үлкен рухани әсер алып



болса № 1 қазақ орта мектебінде көп жылдардан бері бастауыш сынып оқытушысы болып, ұстаздық етіп келеді. Әкеден тағылым-тәрбие алған ұлдары Ерлан мен Нұрлан да өнерден құралақан қалмады.

қайтты.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.  
Суретте: байқаудан көріністер.  
Суреттерді түсірген автор.



# БАР ЖАҚСЫЛЫҚ БАЛАЛАР ҮШІН

1-маусым – Балаларды қорғау күні

Осындай сөз сонау Кеңес кезеңінен келе жатқан ұран болса да, әлі күнге дейін өз мән-мағынасын жойған жоқ. Біздің болашағымыз болған балаларға жақсылық жасау ешқашан ұмыт қалмауға тиіс. Елбасының «Қазақстан-2050» Стратегиясында «Балалар – қоғамымыз-

білмейді», «Қызының қылығына қарай анасын таны», - деген қанатты сөздерді бекер айтпаған. «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», деген. Сондықтан бала тәрбиесі – тек ананың емес, ата-ананың екеуінің ортақ міндеті.

Біздің елдіміздің әр түрлеріндегі мекендерде толық емес отбасылар жоқ деп айта алмаймыз, толық емес отбасылар да жеткілікті. Бүгінгі таңда қаладағы тиісті мекемелер тарапынан баланы жалғыз тәрбиелеп жатқан аналарға өз қолдарынан келген көмектерін беріп келеді. Қазақстан – қазіргі заманғы мемлекет. Біздің мемлекетіміз кемелдікке жетті. Сондықтан да бүгінгі күн тәртібі мемлекеттің қалыптасуы кезеңіндегі өзгеше. Мемлекет өскелең ұрпақтың озық білім алуы үшін мүмкіндік тудыруға көп күш жұмсады. Осы орайда «Балапан» бағдарламасы жүзеге асып, Зияткерлік мектептер, Назарбаев Университеті, «Болашақ» бағдарламасы жұмыс жасап жатыр. Бұл келешек ұрпаққа жасалынып жатқан серпінді шараларға біздің қаланың білім бөлімі және мектептер ұжымдары да өз үлестерін қосып келеді. Мектептер ұстаздары және балабақшалар тәрбиешілері мен олардың көмекшілері шәкірттерімізді осы заманға сай білімді де білікті, тәрбиелі де, тағылымды, жан-жақты дамыған, қазіргі заман техникасымен қаруланған келешек азаматтарын тәрбиелеу жолында тынбай ізденіс жасауда. Ертенгі елдің болашағы – балалар замана көшінде бақытты өмір сүруде.

Ата-аналардың көпшілігі балаларын жазғы демалыста қайда дем алуға жіберерін білмей басы қататыны жасырын емес. Осындайда мектептерде ұйымдастырылған лагерлер балалардың көңілді де бақытты демалуына септігін тийгізеді. Осындай жамқорлықтың

арқасында ата-аналардың көңілі орнына түседі. Жаз айы басталысымен каникулға шығатын бұлдіршіндер лагерлерде түрлі танымдық-тәлімдік ойындарға қатысып, көңілді демалысты бастан кешеді. Осындай қызыққа толы кіршіксіз балалық шақ әр сәбидің көңілін марқайтып, өмірін жадырататыны айдан анық. Әрбір жаңа оқу жылында балалар республика деңгейінде өтіп жатқан «Мектепке жол» акциясы аясында қала әкімдігінің қолдауымен аз қамтылған, көп балалы, толық емес жанұя балаларына көмек ретінде

мәселелердің бірі болып отыр. Елбасымыздың осы тапсырмасына орай балалардың денсаулығын сақтау, сауықтыру мақсатында біздің мектептерде аз қамтылған, көп балалы, толық емес жанұя балаларына тегін ыстық тамақ тұрақты ұйымдастырылып келеді. Мектеп медбикелерінің кешенді іс-әрекеттері нәтижесінде оқушылар сапалы медициналық қызметпен қамтамасыз етуге қол жеткізіп отырмыз. Бұндай іс шаралардың барлығы балаларға жақсылық жасау ешқашан ұмыт қалмағандығын дәлелі бола алады.

Қаладағы қос мектеп пен «Достық» балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық орталығын назардан тыс қалдырмайтын қала әкімдігі ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізіп отырды әр жылы іске асыруда. №2 мектепте бытыр спорт алаңы толық жөндеуден өтсе, биыл №1 мектептің спорт алаңын күрделі жөндеуден өткізуді қолға алуда. Сондай-ақ «Балақай» балабақшасының жанынан қосымша 50 балаға лайықталған құрылыс жұмысы іске қосылатын болады. Бұл жайлы жуықта қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзинмен сұқбаттасу барысында білдік. Бала – адам баласына Жаратқан иеден берілетін үлкен сый, себебі ол өміріміздің жалғасы, көзіміздің нұры, отбасымыздың гүлі! Бала қуанса, ата-ана қуанады, ата-ана қуанса, байтақ ел қуанады. Келіп жеткен балаларды қорғаудың халықаралық күнімен балаларды дерімізді, олардың ата-аналарын және қала тұрғындарын газет редакциясының ұжымы атынан құттықтай отырып, елімізде тыныштық, бейбітшілік болсын һәм балаларымыздың жүзінен қуаныш пен шаттық, күлкі кетпесін деген игі тілегімізді жеткізіміз келеді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі.



дың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс емес. Елбасы ретінде мен әрбір сәбидің құқығы қорғалуын талап ететін боламын», - дей отырып, өз сөзінде әр баланың құқығының қорғалуын талап ететіндігін айтып өтті. Ұдайы өзгеріп отыратын тарихи жағдайда Қазақстан үшін жаңа саяси бағытта ең маңыздысы – ана мен балалық шақты қорғау. Отбасы бұл мемлекеттің бір бөлігі. Ал ата-ана – отбасының яғни, мемлекеттің тірегі болып саналады. Дана халқымыз «Әкесі қой баға білмегеннің баласы қозы баға



шаралар кең көлемде ұйымдастырылып, оларды мектепке қажетті киіммен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету мақсатында арнайы сыйлықтар табыс етіледі. Бүгінгі таңда оқушыларды ыстық тамақпен қамту – маңызды

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, БАЙҚАУ!

\*\*\*

## ВНИМАНИЕ, КОНКУРС!

### «ҚАЗАҚСТАНДА ІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН ҮЗДІК ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР»



### «ЛУЧШИЙ СОЦИАЛЬНЫЙ ПРОЕКТ, РЕАЛИЗУЕМЫЙ В КАЗАХСТАНЕ»

«Nur Otan» партиясы (бұдан әрі – Партия), Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – ЕЖӘҚМ), «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – МӘСК), жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, ішкі саясат басқармалары мен бөлімдері атынан облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, аудандар мен қалалардың әкімдіктері, бизнес қауымдастықтары бірлесіп, «Қазақстанда іске асырылып жатқан үздік әлеуметтік жобалар» атты Байқау өткізуде.

1. Байқаудың мақсаты партияның «Бақытты отбасы», «Ардагерлерді ардақтайық» және «Кедергісіз келешек» жобаларымен қамтылған адамдарға ұсынылатын қызметтерді қоса алғанда әлеуметтендіруге, өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған үздік бастамашыл әлеуметтік жобаларды анықтау, іріктеу, көтермелеу және ілгерілету болып табылады.

#### Конкурстың негізгі міндеттері:

-Қазақстан Республикасында іске асырылып жатқан үздік бастамашыл әлеуметтік жобаларды анықтау және іріктеу;

-«Бақытты отбасы», «Ардагерлерді ардақтайық» және «Кедергісіз келешек» партиялық жобаларын тиімді іске асыру үшін үздік бастамашыл әлеуметтік жобаларды масштабтау, сондай-ақ бастамашыл әлеуметтік жобаларда қолданылған үздік тәжірибелерді кеңінен тарату;

-өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуде мемлекеттің, азаматтық қоғамның, бизнестің және азаматтардың күшін біріктіру.

#### Конкурс 5 бағыт бойынша өткізіледі:

-әлеуметтік проблемалардың шешімдерін ақпараттық жылжыту;

-әлеуметтік саладағы еріктілер қозғалысын дамыту;

-бірдей мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;

-мүгедектігі бар адамдарды қоса алғанда азаматтарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;

-қиын өмірлік жағдайларды жеңуге көмек көрсету (адам саудасының, тұрмыстық зорлық құрбандары, үйсіздік және түрмеден босатылғандар және т.б.).

Өңірлік деңгейде әлеуметтік жобаларды іріктеуді ағымдағы жылдың 25 маусымына дейінгі кезеңде Комиссия жүргізеді.

Конкурсқа қатысушысы ретінде Қазақстан Республикасының аумағында бастамашыл әлеуметтік жобаларды іске асырушы жеке тұлғалар, қоғамдық бірлестіктер, бастауыш партия және басқа да коммерциялық емес ұйымдар бола алады.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша Балқаш көшесі 5 үй мекенжайы бойынша «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ немесе мына нөмерге 5-24-06 (М. Асылбекова) хабарласуыңызды сұраймыз.

## КАЗАХСТАН В РЕЙТИНГЕ ГИК ВЭФ

Қазақстан в Глобальном индексе конкурентоспособности (ГИК) Всемирного экономического форума (ВЭФ) на 2018-2019 годы занимает 59 место со средним баллом 61,8. И все это несмотря на то, что в нынешнем рейтинге достаточно сильно поменялась методология и было пересмотрено практически 70% индикаторов. Благодаря этому многие страны, занимавшие довольно высокие места, «ушли» вниз, но рейтинг Казахстана не только не снизился, но даже слегка укрепился.

Сравнивать позицию страны в 2018 году с позициями прошлых годов считается нецелесообразным, так как с октября 2018 года методология

расчета рейтинга ГИК ВЭФ кардинально изменилась, что в свою очередь привело к изменениям общего результата.

В целом, динамику позиций Казахстана за последние 10 лет, можно разделить на два периода – рейтинг до обновления методологии (2008-2017 гг.) и рейтинг после обновления методологии (пересчитанный за 2017 г. и 2018 г.). За последние два года (2017-2018гг.) методика расчета рейтинга ГИК ВЭФ показывает, что позиции Казахстана остаются стабильными – на уровне 59 места.

Такой успех прежде всего, связан с тем, что правительством Республики Казахстан на посто-

янной основе проводится планомерная и системная работа по комплексному мониторингу, анализу конкурентоспособности страны. При этом, следует отметить, что рейтинг ГИК ВЭФ является индикативной оценкой общестранового прогресса к 30 месту в 2050 году. Для координации данных работ при Правительстве Республики Казахстан создан Совет по конкурентоспособности с участием руководителей госорганов, представителей НПП «Атамекен» и НПО.

Особенностью новой методологии при составлении рейтинга ГИК необходимо отметить, что ранее в методологии конкурирующие страны делились на этапы развития: ресурсоориентированные на производительность и ориентированные на инновации.

## Динамика развития Казахстана

Критерием служила доля экспорта сырьевых ресурсов, и доходы на душу населения.

По этой методике при подсчете рейтинга для Казахстана возрастал вес базовых факторов (например, институты, инфраструктура, макроэкономическая среда, здравоохранение и начальное образование составляли 65% от общего оценочного показателя ГИК, а инновационные факторы составляли незначительную долю).

На данный момент в новой методологии каждый из факторов получил равный вес. Это среднее значение по 12 факторам, то есть 8,3% для каждого фактора.

Управление юстиции  
города Приозерск

## ЗАОЧНОЕ ОСВИДЕТЕЛЬСТВОВАНИЕ – ПИЛОТНЫЙ ПРОЕКТ

В Казахстане намерены изменить правила присвоения инвалидности - экспертизы станут заочными, а проводить их будут специалисты из других регионов, а не из того, в котором живет пациент.

Об этом нам рассказал главный специалист отдела МСЭ №7 г.Балхаша Сарымсаков Калкаман Мансурович.

По данным Министерства труда, социальной защиты населения в четырех регионах Республики Казахстан, а именно в Западно-Казахстанской, Акмолинской, Костанайской и Карагандинской областях запущен пилотный проект. Согласно пилотного проекта «Установление инвалидности, степени утраты трудоспособности и определение потребности в мерах социальной защиты» будет проводиться в автоматизированном режиме, то есть медико-социальную экспертизу (МСЭ) пациентам будут проводить заочно три независимых эксперта, из других регионов Республики Казахстан, на основании представленных медицинских документов.

На основании каких нормативно-правовых актов проводится освидетельствование больных, на основании каких документов устанавливается инвалидность?

Освидетельствование больных проводится согласно Приказа МЗ СР РК №44 от 30.01.15г «О правилах проведения МСЭ». Освидетельствования больных - два вида: очное освидетельствование и заочное освидетельствование. Согласно правилам, инвалидность устанавливается на основании изучения представленных медицинских документов и объективных данных (визуального осмотра больных). Согласно пилотного проекта, иск-

лючается вторая часть (визуальный осмотр больного). Таким образом, заочное освидетельствование проводится на основании представленных медицинских документов, без визуального осмотра пациента.

Какой порядок направления на заочную медико-социальную экспертизу?

Пациент наблюдается в поликлинике по месту прикрепления и получает лечение в медицинских организациях, проходит обследование, согласно стандарта. Данные о состоянии его здоровья в этот период вносятся в информационные системы медицинских организаций. На их основании лечащий врач составляет электронную форму №088у - направление в МСЭ, которая поступает в ЦБДИ (Централизованный банк данных лиц, имеющих инвалидность) для проведения экспертизы.

Какие нозологические формы болезни вошли для проведения заочной экспертизы?

Для проведения заочной экспертизы пациентов вошли следующие нозологические формы болезни:

- 1) Злокачественные новообразования у взрослых и детей;
- 2) Туберкулез всех локализаций у взрослых и детей;
- 3) Болезни системы кровообращения у взрослых (последствия цереброваскулярных болезней, ИБС инфаркт миокарда);
- 4) Болезни мочевыделительной системы у взрослых;
- 5) Психические заболевания у взрослых и детей;
- 6) Сахарный диабет у детей;
- 7) Врожденные анатомические дефекты (отсутствие конечности).

8) Последствия перинатального периода (ретинопатия новорожденных)

Проводить экспертизу будут специалисты (эксперты) из разных регионов?

Да, если человек находится, например, в г.Балхаше, то заочную экспертизу будут проводить эксперты из трех других областей, но только не из той, в которой он живет. Кроме этого все данные, которые поступают к экспертам, будут деперсонифицированы. В документах не будет фамилия, имя, отчества (ФИО), даты рождения пациента, места его жительства - только будет указан номер акта МСЭ, по которому лишь на выходе (при выдаче справки об инвалидности и т.д.) будет происходить персонификация данных пациента.

И вы надеетесь, что за счет этого экспертиза станет более объективной?

Конечно. При заочном освидетельствовании не будет так называемого конфликта интересов. Ведь люди порой говорят: «да вы предвзято ко мне относитесь». Этот момент будет полностью исключен. Документы каждого из пациентов будут проходить в отделы МСЭ. Там три специалиста (эксперта) будут выносить коллегиальные решения. При этом, все отделы МСЭ независимы друг от друга, они не знают, кто еще участвует в данном освидетельствовании и направление какого именно пациента скрывается за номером акта МСЭ.

А если результаты трех комиссий будут разными?

По Республике Казахстан работают 16 отделов методологии и контроля медико-

социальной экспертизы (ОМК МСЭ). Если результаты экспертизы не совпадут, то специалисты Мин.труда, СЗН направят эти документы в три таких отдела (ОМК МСЭ). Если и в этом случае не будет принято решение, пациента пригласят на освидетельствование в отдел МСЭ по месту жительства (отдел МСЭ №7 г.Балхаш)

Вы уже проводили заочные освидетельствования?

В действующих правилах проведения МСЭ предусмотрено заочное освидетельствование в том случае, если пациент нетранспортабелен или находится на стационарном лечении за пределами обслуживаемого региона. В этом случае решение выносится на основании направления на МСЭ и представленных медицинских документов.

Наш город очень осторожно относится к электронным системам. Вряд ли многие, особенно те, кто постарше, будут доверять какой-то заочной экспертизе?

Поэтому, Министерства труда, соц. защиты населению оставляет альтернативу, чтобы не вызвать ажиотаж. Всегда можно будет пройти очное освидетельствование.

Кто несет ответственность за обоснованное направление лиц на освидетельствование МСЭ?

Медицинские организации несут ответственность за достоверность, полноту, объем медицинского обследования и обоснованность направления лиц на МСЭ.

КГП «ЦБ г. Приозерск»

## ӨСІМДІКТЕР ҚАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ НОРМАТИВТІК-ҚҰЫҚТЫҚ АКТІЛЕРГЕ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІС ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 118 бұйрығына сәйкес "Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 1 қазандағы № 15-05/873 бұйрығына сәйкес "Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2019 жылдың 28 наурызында өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, 2019 жылдың 26 сәуірінен баста күшіне енгенін хабарлаймыз.

Енгізілген өзгерістерге сәйкес, «Карантинге жатқызылған өнімді Қазақстан Республикасының аумағында тасуға карантиндік сертификат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру тек "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) веб-порталы арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: электрондық құжат нысанында карантиндік сертификат немесе "Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 4-4/500 бұйрығымен бекітілген Стандартта көзделген негіздер бойынша электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту болып табылады.

З.Қусаинова,

«ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск ҚАИ» ММ

## О ВНОСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ В НОРМАТИВНО ПРАВОВЫЕ АКТЫ В ОБЛАСТИ КАРАНТИНА РАСТЕНИЙ

Доводим до сведения, что на основании приказа Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 28 марта 2019 года № 118 «О внесении изменений в приказ Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 1 октября 2015 года № 15-05/873 "Об утверждении регламентов государственных услуг в области карантина растений"» 28 марта 2019 года были внесены изменения и дополнения в регламент государственной услуги «Выдача карантинного сертификата на перемещение подкарантинной продукции на территории Республики Казахстан», и вступили в силу 26 апреля 2019 года.

Согласно изменениям, Прием заявки и выдача результата оказания государственной услуги "Выдача карантинного сертификата на перемещение подкарантинной продукции на территории Республики Казахстан" осуществляются только через веб-портал «электронного правительства» [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz). Форма оказания государственной услуги: электронная. Форма предоставления результата оказания государственной услуги – электронная. Результат оказания государственной услуги: карантинный сертификат в форме электронного документа или мотивированный отказ в оказании государственной услуги в форме электронного документа по основаниям, предусмотренным Стандартом государственной услуги "Выдача карантинного сертификата на перемещение подкарантинной продукции на территории Республики Казахстан", утвержденного приказом исполняющего обязанности Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 29 мая 2015 года № 4-4/500 "Об утверждении стандартов государственных услуг в области карантина растений".

З.Қусаинова,

ГУ «Приозерская ГТИ КГИ в АПК МСХ РК»

**ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»**  
Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.  
**Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107**  
**Время работы: с 10.00 час. до 19.00 час.**  
**Выходной - Понедельник**  
\*\*\*\*  
**Запись по телефону: мастера-парикмахеры:**  
**8-775-274-25-87 (Анталей)**  
**8-747-970-25-81 (Карлыгаш).**  
**На маникюр: 8-708-235-35-19 (Анастасия)**



**ОБЪЯВЛЕНИЕ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЕ НЕДВИЖИМОСТЬ**

**Продаю ДОМ – 9 000 000 тенге.**  
**Возможен торг.**  
**г. Караганда, ( город пр. Кольцевой), 3 комн. - 120 м<sup>2</sup>**  
**Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе.**  
**Огород 6 сот. Сарай, гараж, хоз.постройки**  
**Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35**

Собственник: ИП Струментов А.В.  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.  
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.  
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)  
E-mail: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru) Веб-сайт: [www.prz\\_westnik.kz](http://www.prz_westnik.kz)  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сагпаева 15, Заказ № 22/614. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.  
Технический редактор: Струментов А.В.  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru)

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.  
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.